

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін «Торайғыров университеті» КЕАҚ докторанты М.К. Суюндикованың «Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	1.1 Докторанттың «Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздері» диссертациялық жұмысының тақырыбы ғылымның даму бағыттары мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді. Зерттеуде негізге алынған ресми құжаттарда: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында; Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жастардың бәсекеге қабілетті, инновациялық мінез-құлқын қалыптастыруға, бүгінгі студенттен креативті ойлай алатын маман даярлауға бағам жасалған. Қазіргі кезде болашақ маманның заман талаптарына сай келуіне, оның сыни тұрғыдан және креативтік ойлау қабілетіне басты назар аударылады. Жоғары білім берудің негізгі міндеті - студенттің өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі өркендетуге, креативті тұлғалық қабілетін арттыруға жағдай жасау және орта туғызу болып табылады. Суюндикова Маргисат Кабиденовнаның «Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбындағы зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы бекіткен ғылым дамуының 10 басым бағыттарының ішіндегі «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған	Докторлық диссертация шеңберінде жасалған зерттеу жұмысы ғылымға едәуір үлес қосады. Докторант оны диссертация тақырыбы бойынша шетелдік және отандық басылымдарда жарық көрген ғылыми мақалаларымен дәлелдеген. Зерттеудің маңыздылығы толық көрсетілген. Докторант студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздерін айшықтаған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторанттың диссертацияны жазу деңгейі – жоғары. Докторанттың ғылыми әдебиетпен, нормативтік құжаттармен жұмыс істей алатынынан, жасаған тұжырымдамаларынан, диагностикалық инструментарияларды іріктеуінен, зерттеу нәтижелерін сандық және сапалық талдауынан, қорытындыларынан жазу деңгейінің жоғары екендігі көрінеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген	4.1 Диссертация тақырыбының өзектілігі негізделген. Докторант креативтік ойлауды арттыру проблемасының теориялық және әдіснамалық тұрғыдан жеткілікті зерттелмеуінен келесі қарама-қайшылықтарды анықтады: - оқу үдерісінде теориялық білім мен ойлаудың практикалық дағдылары арасында; - жоғары оқу орнында сабақтың дәстүрлі әдіспен жүргізілуі студенттің шығармашылық әлеуетін іс жүзінде толыққанды пайдалану мүмкіндігін шектеуі мен студенттің креативті тұлға сапасында қалыптасуы қажеттілігі арасында; - қазіргі қоғамның креативті ойлай алатын маманға деген сұранысы мен жоғары оқу орнының шығармашылық қабілеті жеткілікті дамымаған түлектерден тұратын ұсынысы арасында; - жоғары білім беру үдерісінде студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыруды қамтамасыз ететін әдіснама қажеттілігі мен оқыту әдіс-тәсілдерінің жете тандалмауы арасында.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация	4.2 Диссертация мазмұны толықтай диссертация тақырыбын айқындайды.

	<p>тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.</p>
	<p>4.3.Максаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>4.3 Зерттеудің максаты мен міндеттері диссертациялық зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді.</p> <p>Зерттеудің максаты-студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздерін айқындап, әдіснамалық тұрғыдан дәлелдеу және оның тиімділігін тәжірибеден өткізу.</p> <p>Зерттеу міндеттері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Студенттердің креативтік ойлау іс-әрекетіне жеткізу әдіснамасын саралау. 2. Креативті тұлға болмысын айқындайтын компоненттерді анықтау. 3. Креативтік ойлау үдерісінің мәнін және креативтік ойлауға алғышарт болып табылатын ойлау түрлерін айқындау. 4. Студенттердің креативтік ойлау іс-әрекетіне жеткізу әдіс-амалдарын анықтау. 5. Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыру технологиясын іріктеу. 6. «Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбына модель түзу. 7. Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыру моделінің тиімділігін анықтау үшін эксперименталды-тәжірибеден өткізу және студенттердің креативтік ойлау қабілетінің қалыптасу деңгейін анықтау.
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>4.4 Диссертацияның барлық тараулары мен құрылысы өзара логикалық байланысқан. Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелерін толықтай білдіреді. Докторант М.К. Суюндикова өз зерттеуінің бөлімдерін өзара тығыз байланысты бірыңғай жүйемен құрастырылып жазған. Әр бөлімнің ғылыми нәтижелері ішкі бірлікте сипатталып нақты тұжырымдармен баяндалған.</p>

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>4.5 Диссертациялық жұмыста докторант ғылыми материалдарға, нормативтік құжаттарға терең сыни талдау жасап, жаңа шешімдер ұсынады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - студенттердің креативтік ойлауының жалпы әдіснамалық негізі онтологияға тікелей қатысты, себебі әрбір студент - ол бір ерекше әлем, олай болса, оның креативтік тұлғалық болмысы, ерекшеліктері осы тұрғыда зерттелді; - студент ойлау іс-әрекетінің субъектісі сапасында, креативтік ойлаудың алғышарты болып табылатын ойлау түрлерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгеру барысында креативтік іс-әрекетке ынталы болуы, студенттің экзистенционалдық болмысының креативтік іс-әрекетте көрініс табатыны қарастырылды; - аксиологиялық тұрғыда студент құндылық сапасында қарастырылып, оның ішкі мотивациясының, ойлау іс-әрекетінің, рефлексиясының негізінде ойлаудың жоғары сатысына көтерілуі нәтижесінде ғылыми-теориялық тұжырым жасалды; - креативтік ойлау критерийлеріне, оның ой икемділігі мен феноменділігіне жету жолдары нақтыланды; - студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыратын амалдар, әдістер, технологиялар ұсынылды; - студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың моделі жасалды; - студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыруы – студенттің креативті тұлғалық болмысы, креативтік ойлау дағдылары және рефлексия жасауы деген үштікке негізделді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>5.1 Диссертацияда келтірілген ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар толығымен жаңа болып табылады. Зерттеудің ғылыми жаңалықтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - студенттердің креативтік ойлау іс-әрекетін ғылыми негізде құрудың әдіснамасы іріктелді, студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздері

			<p>айқындалды.</p> <ul style="list-style-type: none"> - студенттердің креативті тұлғалық болмысының компоненттері анықталды; - креативтік ойлау үдерісінің мәні және креативтік ойлауға алғышарт болып табылатын ойлау түрлері айқындалды; - студенттердің креативтік ойлау қабілетін сараптамадан өткізіп, оның ілгерілеу үдерісін қамтамасыз ету әдіс-амалдары жүйеленді; - студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыру технологиясы іріктелді; - студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздерінің моделі түзілді. - студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыру моделі оқу үдерісіне енгізілді, студенттердің креативтік ойлау қабілетінің қалыптасу деңгейі эксперименталды анықталды.
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>5.2 Диссертация қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Қорытындылар проблеманың ғылыми шешімін іздеумен ғана емес, сонымен қатар автордың диссертациялық зерттеу проблемасына деген өзіндік ұстанымымен ерекшеленеді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген, курс бағдарламасы және оқу құралы жасалып, оқу үдерісіне енгізілгенімен дәлелденген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Докторанттың жасаған негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген:</p> <ul style="list-style-type: none"> - студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыру мәселесінің жүйелік тұрғыдан қарастырылуы; - теориялық нысанды эксперименттік тәжірибеден өткізіп, алынған нәтижелердің дәлелденуі;

			<ul style="list-style-type: none"> - зерттеудің мақсаты мен міндеттерінің болжамға сәйкес келуі; - сандық және сапалық талдаулардың үйлесімділігі; - мәліметтердің статистикалық талдануы; - тексерілген оң нәтижелердің алынуы; - нәтижелердің оқу үдерісіне енгізілуі.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>7.1 Диссертациялық зерттеудің барлық қағидаттары теориялық тұрғыдан, жұмыстың жоспарлы жүргізілуімен және ұзақтығымен, зерттеудің ғылыми аппаратының логикалығымен, ғылыми-педагогикалық әдістер кешенін жүзеге асыруымен, эксперимент өткізу талаптарының орындалуымен, эксперимент нәтижелерін сандық және сапалық талдауымен, зерттеу қатысушыларының креативтік ойлау қабілетін арттырудағы оң өзгерістермен толығымен дәлелденді.</p> <p>7.2 Қорғауға шығарылған негізгі тұжырымдар, қағидаттар тривиалды емес.</p> <p>7.3 Қорғауға шығарылған негізгі тұжырымдар, қағидаттар жаңа және олар ғылыми басылымдармен дәлелденген.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі - кең.</p> <p>7.5 Иә. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда (Павлодар, 2019; Брюссель, 2021) – 2 жарияланым; ҚР Білім және Ғылым министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған журналдарда (С. Торайғыров атындағы «ПМУ хабаршысы», педагогикалық сериясы; Халықаралық ғылыми журнал «Қазақстанның ғылымы мен өмірі»; «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. «Педагогика. Психология. Социология» сериясы» - 3 жарияланым; Scopus мәліметтер базасында тіркелген шетел журналында (Ресей Федерациясы, 2021) - 1 мақала жарық көрген.</p>
8.	Дәйектілік принципі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе	8.1 Әдіснама негізделген және нақты жазылған. Докторант философиялық,

Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	психологиялық-педагогикалық теорияларды; әдіснамалық тұрғыдан (тұлғалық, іс-әрекеттік, жүйелік, когнитивтік, рефлексивтік) және мотивациялық, эмоционалдық, коммуникативтік компоненттерді; білімдену технологияларын негізге алып нақтылаған.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелері пайдаланылған. Зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешу үшін, зерттеудің болжамын дәлелдеу үшін келесі әдістер қолданылған: - теориялық әдістер (философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау; зерттеу мәселесі бойынша нормативтік, заңнамалық құжаттарды оқу және талдау; педагогикалық тәжірибелерге сараптама жасау және қорыту); - эмпирикалық әдістер (сауалнамалар, тестілер, модельдеу, анықтаушы, қалыптастырушы және бақылаушы эксперимент); - математикалық статистика әдістері: статистикалық мәліметтерді сандық және сапалық талдауда IBM SPSS бағдарламасы, диссертант әзірлеген сауалнама сенімділігін анықтау мақсатында Кронбахтың альфа коэффициенті.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	8.3 Теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген. Эксперименталдық-тәжірибелік жұмыс барысында алынған нәтижелер студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыру тиімділігін дәлелдеген.

		1) иә; 2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	8.4 Диссертациядағы барлық маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде 224 әдебиет қамтылған және әдеби шолуға жеткілікті болып табылады.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) иә; 2) жоқ	9.1 Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар және ол студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыру барысында креативтік ойлаудың ғылыми-теориялық негіздері туралы түсінігін кеңейту, креативтік ойлау қабілетін арттырудың теориялық моделін жасауды қамтиды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) иә; 2) жоқ	9.2 Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Жасалған және оқу үдерісіне енгізілген курс бағдарламасы мен оқу құралы студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыруға арналған. Зерттеу барысында студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың моделі және креативтік ойлау қабілетінің деңгейін анықтаудың диагностикалық инструментарийлері жасалған.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75%) 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	9.3 Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Автордың ұсынған «Креативтік ойлаудың теориялық негіздері» элективтік курсы және «Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыру негіздері» оқу құралы жоғары оқу орындарының барлық мамандықтарына енгізу арқылы студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыруға мүмкіндік туындайды.
10.	Жазу және	Академиялық жазу	Академиялық жазу сапасы жоғары,

ресімдеу сапасы	сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	диссертациялық жұмыс мәтін құрылымы мен оны оны ресімдеу талаптарына сәйкес орындалған, ғылыми тілмен жазылған.
-----------------	---	---

Суюндикова Маргисат Кабиденовнаның «Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жаңа тұжырымдары, теориялық және практикалық маңыздылығы бар аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады.

М.К. Суюндикованың диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, келесі ұсыныстарды келтіреміз.

1. диссертациялық жұмыста шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне карағанда казакстандық зерттеушілердің еңбектеріне сілтеме аз жасалған;

2. студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыру мақсатында тренинг бағдарламасын жазып, оқу үдерісіне енгізу ұсынылады.

Аталған ұсыныстар негізінен формалды сипатқа ие, сондықтан олар жүргізілген зерттеулер мен алған нәтижелердің маңыздылығын төмендетпейді.

Суюндикова Маргисат Кабиденовнаның «Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзінің өзектілігімен, ғылыми жаңашылдығымен, жүргізілген зерттеу көлемімен диссертациялық зерттеу жұмысының талаптарына толық сәйкес келеді. Айтылғанның негізінде Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне докторант Суюндикова Маргисат Кабиденовнаға 8D011 (6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы) кадрларды даярлау бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге ұсыныс жасаймын.

Ресми рецензент:

философия докторы(PhD),

«А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАК

Ө. Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институтының қауымдастырылған профессоры



Handwritten signature of A.A. Tashetov

А.А. Ташетов

Подпись	<i>Ташетова А.А.</i>
заверяю.	<i>Малица О.А.</i>
(подпись)	<i>инспектор отдела кадров</i>
(должность, ФИО)	<i>персонал</i>